

**«Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» ҚеАҚ**

**«БЕКІТЕМІН»**

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе  
өңірлік университетінің  
Басқарма Төрағасы-Ректоры

Л.Ч. Қарабасова

2022 ж.




**САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯ ТУРАЛЫ  
ЕРЕЖЕ**

**Қызметтік пайдалануға арналған басылым**

**Ақтөбе, 2022 ж.**

**ӘЗІРЛЕНДІ**

Академиялық сапаны арттыру  
департаментінің директорымен  Е.А. Дүзмағамбетов

**БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

Басқарма шешімі негізінде Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректорымен (2022 жылғы «23»  
09 № 46 хаттама)

**ЖАРАМДЫЛЫҚ МЕРЗІМІ:** жаңасын ауыстырғанға дейін

**ЕНГІЗІЛДІ:** 31.08.2020 жылғы нұсқаның орнына

Осы Ереже Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректорының ресми рұқсатынсыз басылым ретінде толық немесе ішінара көшірілмейді, көбейтілмейді және таратылмайды.

Осы Ереже Қ. Жұбанов атындағы АӨУ Басқарма Төрағасы-Ректорының ресми рұқсатымен үшінші тұлғаларға берілуі мүмкін.

## 1. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы Ережеде келесі нормативтік құжаттар пайдаланылды:

1.1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 маусымдағы №319-III Заңы (өзгерістермен және толықтырулармен);

1.2. Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары (ҚР БҒМ 2018 жылғы 12 қазандағы №563 бұйрығы);

1.3. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпы білім беру стандарты (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы);

1.4. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің типтік қағидалары (ҚР БҒМ 2021 жылғы 12 желтоқсандағы №614 бұйрығы өзгерістер мен толықтырулармен);

1.5. Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Сапаны қамтамасыз ету саясаты (Ғылыми кеңестің шешімі негізінде Қ. Жұбанов атындағы АӨУ Басқарма Төрағасы-Ректоры бекіткен (2020 жылғы 12 тамыздағы №13 хаттама);

1.6 Қ. Жұбанов атындағы АӨУ Академиялық саясаты (Қ. Жұбанов атындағы АӨУ Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітілген (2020 жылғы 12 тамыздағы №13 хаттама).

## 2. ҚЫСҚАРТУЛАР

**АӨУ** – Ақтөбе өңірлік университеті

**ББ** – Білім беру бағдарламасы

**ПО құрамы** – Профессор-оқытушылар құрамы

**ҰБТ** – Ұлттық біліктілік тестілеуі

## 3. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

3.1. Осы Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия туралы ереже сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) максаттарын, міндеттерін, құрамын және жұмыс тәртібін айқындайды.

3.2. Комиссия қызметі факультеттің академиялық қызметін жетілдіруге, ұсынылатын білім беру қызметтерінің сапасын арттыру жөнінде шешімдер қабылдау үшін ұсынымдар әзірлеуге, сондай-ақ білім беру сапасының жай-күйі, оның өзгеру үрдістері және оның деңгейіне әсер ететін



себептер туралы объективті ақпарат алуға бағытталған алқалы орган болып табылады.

3.3. Комиссия қызметін Комиссия төрағасы үйлестіреді, Академиялық сапаны арттыру департаменті жетекшілік етеді.

3.4. Комиссия өз жұмысында академиялық комитеттермен, факультет кеңестерімен, университеттің академиялық кеңесімен және факультеттердің студенттік алқалы органдарымен тығыз өзара әрекет жасайды.

#### **4. КОМИССИЯНЫҢ ЖҰМЫС ІСТЕУ ТӘРТІБІ**

4.1. Комиссия әр факультетте құрылады, оның құрамына оқытушылар, студенттер, магистранттар, докторанттар және университеттің басқа да академиялық қызметкерлері кіреді. Комиссияның сандық құрамы кемінде 5 адам болуы және тақ саны болуы тиіс. Комиссия төрағасын факультет деканы тағайындайды. Төраға комиссияның жұмысын ұйымдастырады, отырыстарды өткізу мерзімдерін айқындайды, факультеттің комиссия отырыстарында қабылданған шешімдер мен ұсынымдарды орындауын бақылайды. Комиссияның жұмысы туралы есепті құжаттаманы дайындайды.

4.2. Комиссия бір оқу жылына әзірленетін жоспар негізінде жұмыс істейді (факультет төрағасы және деканы бекітеді). Комиссияның жұмыс жоспары университеттің сапа мониторингінің Жол картасына сәйкес жасалады. Жұмыс жоспарын жасау кезінде Комиссия мүшелерінің, ББ басшыларының және Академиялық сапаны арттыру департаменті қызметкерлерінің ұсынымдары ескеріледі.

4.3. ПО құрамының ішінен Комиссияның сандық және дербес құрамы, ББ басшылары факультеттің ПО құрамының дауыс беруі негізінде бекітіледі. Білім алушылардың (студенттердің, магистранттардың, докторанттардың) кандидатураларын студенттік өзін-өзі басқару басшысының ұсынымы негізінде деканның орынбасары ұсынады. Комиссия құрамына декан немесе факультет деканының орынбасары кіруі мүмкін, дауыс бермейтін мүшелер ретінде Академиялық сапаны арттыру департаментінің қызметкерлері кіреді.

4.4. Комиссия мүшелерінің арасынан қызметтің кейбір бағыттарын мониторингілеу және талдау (білім алушылардың бағаланатын жұмыстарын тексеру, аккредиттеу агенттігінің сыртқы сараптама тобының ұсынымдарын орындау және т.б.) бойынша уақытша комиссиялар (жұмыс топтары) құрылуы мүмкін. Объективті бағалау және талдау үшін жұмыс тобының құрамына Комиссия мүшелерінен басқа да тұлғалар (университет оқытушылары, қызметкерлері) тартылуы мүмкін.

4.5. Комиссия хатшысы Комиссия мүшелерінің арасынан алқалы шешіммен таңдалады. Комиссия хатшысы комиссия отырыстарын хабардар



етеді және дайындауды ұйымдастырады, отырыстардың хаттамаларын жүргізеді, оның шешімдерінің уактылы орындалуын бақылайды, комиссияның өтініш берушімен байланысын жүзеге асырады.

4.6. Комиссия отырыстары қажеттілік бойынша өткізіледі, бірақ айына кемінде 1 рет өткізіледі. Комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде 75 пайызы болған кезде отырыстар заңды деп есептеледі.

4.7. Шешімдер Төраға мен хатшы қол қоятын хаттамамен құжатталады. Хаттама отырыс өткізілгеннен кейін 3 күн ішінде дайындалады. Комиссия шешімдері өтініш берушілерге жіберіледі, хаттаманың түпнұсқасы Комиссия Төрағасында сақталады.

4.8. Комиссияның шешімдері түпкілікті сипатта болады және деканның қайта қарауына немесе күшін жоюға жатпайды.

4.9. Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның шешімдері талдамалық деректермен, есептермен қарау үшін факультет Кеңесіне жіберіледі, кейбір мәселелер университеттің Академиялық кеңесіне жіберілуі мүмкін.

## **5. КОМИССИЯНЫҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ**

5.1. Аккредиттеу агенттігінің сыртқы сараптау комиссиясының ББ дамыту жөніндегі ұсынымдардың орындалу мониторингі (аккредиттеуден кейінгі). Ұсыныстарды орындауға кедергі келтіретін мәселелерді анықтау.

5.2. ЖОО-ның білім беру бағдарламаларының республикалық рейтингтері нәтижелерінің мониторингі («Атамекен» және т.б.). ББ-ның әлсіз жақтары мен тәуекелдерін анықтау. Рейтингтегі позицияларды жақсарту бойынша ұсыныстар әзірлеу.

5.3. Түлектердің ҰБТ тапсыру нәтижелерін талдау, әлсіз жақтарын анықтау. ҰБТ нәтижелерін жақсарту бойынша шаралар әзірлеу.

5.4. Білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу сапасының мониторингі. Емтихан материалдарын құрастыру сапасының мониторингі. Ұсыныстар әзірлеу.

5.5. Университетте қабылданған бағалау саясатына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін ПО құрамы бағалауды талдау.

5.6. Білім алушылардың білім беру қызметтерінің сапасына, оқу процесін ұйымдастыруға қатысты өтініштерін, оқу жетістіктерін объективті бағалау, академиялық адалдық қағидаттарын бұзуға байланысты мәселелерді қарау.

5.7. ПО құрамының сабақтарына қатысу және оқыту сапасын бағалау (білім алушылардан шағымдар түскен жағдайда).

5.8. Жазбаша жұмыстарды мәтіндік көшіріп алуға қатысты тексеру жүргізудің тиімділігін талдау, жақсарту бойынша ұсыныстар әзірлеу.




## **6. Қ. ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АӨУ САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕГЕ ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ**

6.1. Осы Ережені Басқарма Төрағасы-Ректоры университет Басқарма шешімінің негізінде бекітеді және оған қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

6.2. Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу білім беру саласындағы заңнамалық актілерге, нормативтік құжаттарға және университетішілік ережелерге сәйкес жүргізіледі.

6.3. Өзгеріс болған жағдайда, университетте күші жойылған Ереженің барлық даналары алынып, жаңаларына ауыстырылуы тиіс.

### **КЕЛІСІЛДІ:**

Академиялық мәселелер жөніндегі проректор		Л.Н. Мясникова
Ғылым және инновациялар жөніндегі проректор		Р.А. Бекназаров
Академиялық қызмет департаментінің директоры		С.К. Бишекен